Ұ Й Ғ А Р Ы М
(жасалған медиативтік келісімді бекіту туралы)

2026 жылғы 09 ақпан №5165-26-00-2/432 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.О. Рыскулбеков, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен талап қоюшы «АқОлЖа Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Ремстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, үшінші тұлғалар «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, «АстанаДорАркитекс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, «Инженерное проектирование» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарыз сомасын өндіру және сәйкестік туралы декларацияға қосалқы мердігер туралы ақпаратты енгізуді міндеттеу туралы талап қоюымен қозғалған азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талаппен сотқа жүгінген.

Іс бойынша тараптардан дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы және оның медиация рәсімін судья К.О. Рыскулбеков бекіту туралы өтініш түскен. Тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге қол қойған және олардың қатысуынсыз қарауын сұраған.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңының 27-бабының 5) тармағына сай, азаматтық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім дереу өндірісінде азаматтық іс жатқан судьяға жіберіледі. Дауды реттеу туралы келісімді сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексте (бұдан әрі - АПК) көрсетілген тәртіппен бекітеді.

Сот медиациялық келісім заңға қайшы келмейтінін, басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтынын ескере отырып, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту қажет деп табады.

Тараптарға істі сот медиациясы тәртібімен аяқтаудың салдары, келісімді орындау міндеттілігі, орындалмаған жағдай орын алғанда туындайтын жауапкершіліктері заң тәртібімен түсіндірілді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 277-бабының 6) тармағына және 278-бабының 3-бөлігіне сәйкес, тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса және оны сот бекітсе, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылады. Тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса іс жүргізуді тоқтата отырып, сот ұйғарымда мемлекеттік бажды осы Кодекстің 107-бабының талаптарына сәйкес қайтару туралы көрсетеді.

Сотқа жүгінген кезде талап қоюшы мемлекеттік баж төлеген, алайда медиативтік келісімнің жасалуына байланысты ол қайтаруға жатады.

АПК-нің 179-180, 278, 268- 269-баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «АқОлЖа Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - талап қоюшы) және «Ремстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер) арасында медиациялық келісімі төмендегі көрсетілген шарттар бойынша бекітілсін:

1. Жауапкер 2023 жылғы 29 мамырдағы «Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылында кентшілік газ құбырын салу» нысаны бойынша №50/4 қосалқы мердігерлік шарт негізінде 2023 жылғы 06 қазандағы сәйкестік туралы декларациясына қосалқы мердігер ретінде «АқОлЖа Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы мәліметті 2026 жылғы 27 ақпанға дейін енгізуге міндеттенеді;

2. Жауапкер талап қоюшыға 2023 жылғы 29 мамырдағы №50/4 қосалқы мердігерлік шарт бойынша төленуге тиісті 1 167 679 (бір миллион жүз алпыс жеті мың алты жүз жепіс тоғыз) теңгені 2026 жылғы 27 ақпанға дейінгі мерзімде төлеуге міндеттенеді;

«Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Түркістан қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінен талап қоюшы «АқОлЖа Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне төленген 37 193,37 (отыз жеті мың жүз тоқсан үш) теңге 37 тиын мемлекеттік баж салығы қайтарылсын.

Талап қоюшы «АқОлЖа Тел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Ремстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, үшінші тұлғалар «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, «АстанаДорАркитекс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, «Инженерное проектирование» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарыз сомасын өндіру және сәйкестік туралы декларацияға қосалқы мердігер туралы ақпаратты енгізуді міндеттеу туралы азаматтық ісі бойынша іс жүргізу тоқтатылсын.

Ұйғарымға наразы жақ Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 429-бабының талаптарын сақтай отырып, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.О. Рыскулбеков**

Құжатқа қол қойылған: Рыскулбеков К. О., 09.02.2026